ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
1992 ж. «22» 10 өткізілді
№ 8365-1910-01-УЕ куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«22» 01 1992 г.
свидетельство № 8365-1910-01-УЕ
БСН/БИН 921040000509

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 196 БҰЙРЫҒЫ
2024 ж. «31» 01
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 196
«31» 01 2024 г.

**БЕКІТІЛДІ/УТВЕРЖДЕН**
**Құрылтайшылар шешімімен/**
**Решением Учредителей**
**қ/г. Алматы**
**«23» января**
**екі мың жиырма төртінші жылдың/**
**две тысячи двадцать четвертого года**

# «Q» UNIVERSITY МЕКЕМЕСІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ УЧРЕЖДЕНИЯ «Q» UNIVERSITY

**Алматы,2024**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұдан әрі «Университет» деп аталатын «Q» Университеті Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының 1994 ж. 27.12-дағы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16.01-дағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2007 ж. 27.07-дегі № 319 «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің негізінде құрылған және жұмыс істейді.

1.2. Университет жоғары, жоғары білімнен кейінгі және қосымша білім саласында білім беру, зерттеу, ақпараттық, басқару, әлеуметтік-мәдени және өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін Құрылтайшылары қаржыландыратын коммерциялық емес ұйым.

1.3. Университет мемлекеттік тіркелген сәттен заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

1.4. Университеттің аталымы:

- қазақ тіліде: **«Q» University мекемесі.**
- орыс тілінде: **Учреждение «Q» University**
- ағылшын тілінде: **Institution «Q» University.**

1.5. Университеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 125 үй

## 2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола, міндетті бола, сотта талапкер және жауапкер бола алады, оның дербес теңгерімі, банктерде есеп және өзге де шоттары, өз аталымы жазылған дөңгелек мөрі мен бұрыштама мөртабаны, эмблемасы, фирмалық бланктері және басқа де деректемелері бар.

2.2. Университет өз қызметінде Университетсы Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасынын Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Учреждение «Q» Университет, именуемое в дальнейшем «Университет», создано и действует на основании Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан (общая часть) от 27.12.1994 г., Закона Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» от 16 января 2001 года N 142, Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года N 319, и других нормативных правовых актов Республики Казахстан.

1.2. Университет является некоммерческой организацией, финансируемой учредителем для осуществления образовательных, исследовательских, информационных, управленческих, социально-культурных и иных функций в сфере высшего, послевузовского и дополнительного образования.

1.3. Университет приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

1.4. Наименование Университета:

- на казахском языке: **«Q» University мекемесі.**
- на русском языке: **Учреждение «Q» University**
- на английском языке: **Institution «Q» University.**

1.5. Местонахождение Университета:
Республика Казахстан, город Алматы, район Алмалинский, улица Байзакова, дом 125

## 2.ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС УНИВЕРСИТЕТА

2.1. Университет является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, расчетный и иные счета в банках, круглую печать со своим наименованием, угловой штамп, эмблему, фирменные бланки и другие реквизиты, может от своего имени приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде

2.2. Университет в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан «О

туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Университеттің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2.3. Университет қаржылық және өндірістік қызметін шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырады. Университеттің қызметі жарғылық капитал қаржысының, табыстардың есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

## 3. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Университетті құрудың және қызметінің негізгі мақсаттары:

- білім берудің тұлғаның зияткерлік және рухани дамуға, жоғары, жоғары білімнен кейінгі білім және таңдаған кәсіптік салада біліктілік алуға сұранысын қанағаттандыруға бағытталған, әлемдік білім кеңістігімен біріккен, ғылыми моделін қалыптастыру;
- қоғам мен мемлекеттің жоғары білімді білікті мамандарды және біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындауға әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын қанағаттандыру;
- қоғамның рухани, мәдени және ғылыми құндылықтарын жинақтау, сақтау және көбейту;
- білім алушылардың азаматтық ұстынымын, заманауи өркениет пен демократия жағдайында еңбек ету және өмір сүру қабілетін қалыптастыру.

3.2. Университет міндеттері:

- экономикалық және әлеуметтік түрлі салалар үшін білікті мамандарды мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес дайындау;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді, тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды, әдістемелік оқыту

здоровье народа и системе здравоохранения», Кодексом Республики Казахстан «О труде», Законами Республики Казахстан «О государственном имуществе», «Об акционерных обществах», «О некоммерческих организациях», «Об образовании», «О статусе педагога» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом и внутренними документами Университета.

2.3. Финансовая и производственная деятельность Университета осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности. Финансирование деятельности Университета осуществляется за счет средств уставного капитала, доходов, а также из иных источников, не запрещённых законодательст-
вом Республики Казахстан.

## 3. ЦЕЛЬ, ЗАДАЧИ И ФУНКЦИИ УНИВЕРСИТЕТА, ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, ЦЕЛИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

3.1. Основной целью создания и деятельности Университета являются:

- формирование наукоемкой модели образования, интегрированной в мировое образовательное пространство направленное на удовлетворение потребностей личности в интеллектуальном и духовно-нравственном развитии, приобретении высшего, послевузовского образования и квалификации в избранной области профессиональной деятельности;
- удовлетворение социально-экономических потребностей общества и государства в подготовке квалифицированных кадров с высшим образованием и научно-педагогические кадры высшей квалификации;
- накопление, сохранение и приумножение нравственных, культурных и научных ценностей общества;
- формирование у обучающихся гражданской позиции, способности к труду и жизни в условиях современной цивилизации и демократии.

3.2. Задачи Университета:

- подготовка в соответствии с государственными общеобязательными стандартами образования квалифицированных

технологияларын ұйымдастыру және жүргізу, Университет қызметіне сандық технологияларды енгізу;

- орталық уәкілетті органдармен келісіп оқу, ғылыми және әдістемелік қызмет салалары үшін нормативтер дайындауға қатысу;
- оқу, ғылыми, әдістемелік құралдар, электрондық еңбектер, мерзімді және сериялық басылымдар шығару;
- басшы қызметкерлерді, профессорлар мен оқытушыларды, қызметкерлерді қайта дайындау және олардың біліктіліктерін арттыру;
- мәдени ағарту қызметін жүзеге асыру, Қазақстан халықтары мәдениеттерінің өзара толығу үдерісіне қатысу, ғылыми білімдерді тарату және насихаттау;
- қоғамның рухани, мәдени және ғылыми құндылықтарын жинақтау, сақтау және көбейту;
- халықтың арасында білімдерді тарату, оның білімі мен мәдениетінің деңгейін жоғарылату;
- дене шынықтыру, сауықтыру, спорт шараларын ұйымдастыру және өткізу, спорттық секциялар құру.

3.3. Университет қызметтері:

- біліктілігі жоғары және бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыру;
- ғылыми және білім беру қауымдастықтары үшін ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұлттық экономикаға және әлеуметтік салаға енгізу;
- халықаралық білім беру кеңістігімен бірігу, білім берудің халықаралық стандарттарының деңгейіне жету, білім алушылардың шет елдерде оқуларына және тағылымдамадан өтулеріне жағдай жасау.

3.4. Университет қызметінің бағыттары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну.

специалистов для различных отраслей экономики и социальных сфер;

- организация и проведение фундаментальных и прикладных научных исследований, опытно-конструкторских работ, методических технологий обучения, внедрение цифровых технологий в деятельность Университет;
- участие в разработке, апробации нормативов в области учебной, научной и методической деятельности по согласованию с центральными уполномоченными органами;
- издание учебных, научных и методических пособий, в том числе электронных трудов, периодических и серийных изданий;
- переподготовка и повышение квалификации руководящих работников, профессорско-преподавательского состава и специалистов различного профиля;
- культурно-просветительская деятельность, участие в процессе взаимообогащения культур народов Казахстана, распространение и пропаганда научных знаний;
- накопление, сохранение и приумножение нравственных, культурных и научных ценностей общества;
- распространение знаний среди населения, повышение его общеобразовательного и культурного уровня;
- организация и проведение физкультурно-оздоровительных и спортивных мероприятий, создание спортивных секций.

3.3. Функции Университета:

- реализация образовательных программ высшего и послевузовского образования для подготовки высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров;
- осуществление научно-исследовательской деятельности для научного и образовательного сообщества, трансферт результатов научных исследований в национальную экономику и социальную сферу государства;
- обеспечение интеграции с международным образовательным пространством, достижение соответствия уровня образования международным стандартам, обучение и стажировка в том числе за рубежом;

3.5. Университеттің білім беру үдерісінің мақсаттары:

- білім алушылардың зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білім алудың барлық деңгейлерінде сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- зайырлы сипаттағы білім беру;
- білім алушыларды білім және мәдени деңгейлерін жоғарылатуға ынталандыру;
- білім беру үдерісінің оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін үздіксіз болуы;
- білім алушыларға кәсіптік бағдар беру.

3.6. Университет пайда алып келетін басқа да қызметті жүзеге асыра алады. Бірақ, ондай қызметтен түскен табыс пен ондай табысқа алынған мүлік Университеттің бөлек теңгерімінде есепке алынады, Университет құрылтайшыларының (қатысушыларының) арасында бөлінбейді, тек жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

## 4. УНИВЕРСИТКТТІ БАСҚАРУ

4.1. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жеке және алқалық басқару қағидаларымен басқарылады.

4.2. Университет басшылығының құрамы:

1) Университеттің жоғары органы – Құрылтайшылар;

2) Ректор;

3) Университеттің алқалық органы – Ғылыми кеңес;

4) Алқалық кеңес органы –Қамқоршылық кеңес.

5)Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

## 5. УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 5.1 ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР

5.1.1 Университеттің құрылтайшысы:

- **Пралиев Болат Серыкович**-Қазақстан Республикасының азаматы, ЖСН 870417300047, туылған күні – 18.04.1987 ж., туылған жері – Алматы қаласы,90% үлес.

- открытие филиалов университета в зарубежных странах.

3.4 Предметом деятельности Университета является:

- предоставление образовательных услуг в сфере высшего, послевузовского, технического и профессионального, послесреднего и дополнительного образования в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

3.5. Целями образовательного процесса Университета являются:

- создание необходимых условий для получения качественного образования всех уровней групп обучающихся с учетом интеллектуального, умственного развития, психофизиологических и индивидуальных особенностей каждого;
- стимулирование и мотивация обучающихся к повышению образовательного и культурного уровня;
- непрерывность процесса образования, обеспечивающего преемственность его ступеней;
- профессиональная ориентация обучающихся.

3.6. Университет может осуществлять свою деятельность, приносящую прибыль, но доходы, полученные от такой деятельности, и приобретенное за счет этих доходов имущество поступают в самостоятельное распоряжение Университета и учитываются на отдельном балансе.

Доходы от предпринимательской деятельности Университета не могут распределяться между членами (участниками) Университета и направляются на уставные цели.

## 4. УПРАВЛЕНИЕ УНИВЕРСИТЕТОМ

4.1. Управление Университетом осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом как на принципах единоначалия, так и коллегиальности.

4.2. Состав Управления Университетом:

1) высший орган университета – Совет учредителей;

2) Ректор;

3) коллегиальный орган Университета – Ученый совет;

4)коллегиальный совещательный орган – Попечительский совет;

5)иные органы в соответствии с законодательством Республики Казахстан и (или) Уставом.

- **Апахаев Нурлан Жилкайдарович**– Қазақстан Республикасының азаматы, ЖСН 820113300550, туылған күні 1301.1982 г., туылған жері- Қызылорда облысы,10% үлес.

5.1.2. Құрылтайшылардың айрықша құзырындағы мәселелер:

1) Университет қызметінің мазмұнын, мақсаттарын және басымдылықты бағыттарын, Университет бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін белгілеу;

2) Университеттің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

3) Университет мүлігінің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау;

4) Университетті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Университеттің қызметін бақылаудың нәтижесінде анықталған артық, пайдаланылмайтын немесе мақсатты пайдаланылмайтын мүлігін алып қою;

6) Университеттің алынған мүлігін есептен шығарып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстап тұру мерзімін белгілеу және оның сақталуын қамтамасыз ету;

7) Университеттің қызметіне және оны тиімді басқаруға мониторинг ұйымдастыру және жүргізу;

8) Ректорды сайлау (тағайындау), оның қызметінің мерзімін белгілеу және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Университеттің жылдық қаржылық есебін бекіту.

5.1.3 Құрылтайшылардың келесі құқықтары бар:

1) Университеттің істерін басқаруға осы Жарғыда белгіленген тәртіпте қатысу;

2) Университеттің қызметі туралы ақпарат алу және оның бухгалтерлік құжаттарымен танысу;

3) Университет таратылған жағдайда оның мүлігінің кредиторлармен есеп айырысқан соң қалған бөлігінің құнын немесе осы бөлігін заттай түрде алу;

4) Университеттің мүлігін алу немесе өзі құрған басқа заңды тұлғалардың арасында өз қалауынша қайта бөлу;

5) тегін немесе жеңілдікпен оқуға гранттарды өз қалауынша тағайындау;

6) оған берілген жазбаша өтініштің негізінде тең құрылтайшылардың

## 5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СОСТАВА УПРАВЛЕНИЯ УНИВЕРСИТЕТА

5.1 УЧРЕДИТЕЛИ (далее – Учредители)

5.1.1 Учредителями Университета являются:

- **Пралиев Болат Серыкович** – гражданин Республики Казахстан, ИИН 870417300047, дата рождения: 18.04.1987 г., место рождения: г.Аматы с долей 90%;
- **Апахаев Нурлан Жилкайдарович**– гражданин Республики Казахстан,ИИН 820113300550, дата рождения 1301.1982 г., место рождения : Кызылординская область,с доле 10%

5.1.2. К исключительной компетенции Учредителей относятся следующие вопросы:

1) определение предмета, цели и приоритетных направлений деятельности Университета, обязательных объемов работ (услуг), финансируемых из бюджета Университета;

2) внесение изменений и дополнений в Устав Университета или утверждение его новой редакции;

3) осуществление контроля за целевым и эффективным использованием имущества Университета;

4) добровольная реорганизация или ликвидация Университета;

5) осуществление изъятия излишнего, неиспользуемого либо используемого не по назначению имущества Университета, выявленного по результатам контроля целевого использования имущества;

6) установление срока содержания и обеспечение сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу с последующим списанием с баланса;

7) осуществление, организация и проведение мониторинга функционирования и эффективности управления Университетом;

8) избрание (назначение) ректора, определение срока и досрочное прекращение его полномочий;

9) утверждение годовой финансовой отчетности Университета.

5.1.3 Учредители вправе:

1) участвовать в управлении делами Университета в порядке, определенном настоящим Уставом;

кандидатурасын 20 (жиырма) күн ішінде қарау және тиісті шешім қабылдау;
7) егер Жарғыда өзгеше белгіленген болмаса, Университеттің басқа органдарының ішкі қызметке қатысты кез-келген шешімінің күшін жою;
8) қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтар.
5.1.4. Құрылтайшылар Университет толық жұмыс істеуі үшін келесі қызметтерді орындауға міндеттенеді:
• Университет жұмыс істеуі үшін оны жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарға сәйкес барлық қажетті мүлікпен қамтамасыз ету;
• Университеттің қызметін, оған берілген мүлікті пайдаланудың тиімділігін және оның сақталуын жалпы бақылау.

## 5.2. РЕКТОР

5.2.1. Ректорды лауазымға Құрылтайшылар шешімімен сайлайды (тағайындайды).
5.2.2. Ректор Университеттің ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:
• Университеттің атынан жасалған мәмілелер бойынша міндеттерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте орындауын қамтамасыз ету;
• Университеттің дамуының стратегиялық бағыттарын белгілеу;
• Университеттің штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
• Университеттің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
• Университеттің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
• Университеттің кадрлық және Университетлық саясаттарының іске асырылуын қамтамасыз ету;
• Университеттің атынан банктік және өзге де қаржылық операцияларды жүргізу;
• Университет қызметінің Құрылтайшының айрықша құзырындағы емес мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.
5.2.3. Ректордың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда Университеттің өзге басқару

2) получать информацию о деятельности Университета и знакомиться с его бухгалтерской документацией;
3) получать в случае ликвидации Университета стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или часть этого имущества в натуре;
4) изымать или перераспределять имущество между другими созданными ими юридическими лицами по своему усмотрению;
5) назначать гранты на бесплатное обучение или обучение со скидкой по своему усмотрению;
6) рассматривать кандидатуры соучредителя на основании поданного Учредителю письменного заявления кандидата в течение 20 дней и принятие соответствующего решения.
7) Учредители вправе отменить любое решение иных органов Университета по вопросам относящимся, к внутренней деятельности, если иное не определено Уставом.
8) иметь и другие права, предусмотренные действующим законодательством.
5.1.4. Для полноценной деятельности Университета Учредитель обязуется выполнять следующие функции:
• обеспечивать Университет всем необходимым имуществом для функционирования в соответствии с требованиями, предъявляемыми к высшим учебным заведениям;
• осуществлять общий контроль за деятельностью Университета, эффективностью использования и сохранностью переданного ей имущества.

## 5.2.РЕКТОР

5.2.1. Ректор избирается (назначается) на должность решением Учредителей.
5.2.2. Ректор осуществляет руководство текущей деятельностью Университета и вправе принимать решения по следующим вопросам:
• обеспечение исполнения обязательств Университета по сделкам, заключаемым от имени Университета порядке, установленном действующим законодательством и Уставом;
• разработка стратегических направлений развития Университета;
• утверждение штатного расписания Университета и организационной структуры Университета;
• утверждение документов, принимаемых в целях организации деятельности Университета в целом;

органдарының құзырына берілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқы жоқ.
5.2.4.Ректор Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметі, мүлігінің сақталуы және сыбайлас жемқорлықпен күресті ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілікті.
5.2.5. Ректор Университеттің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды.
5.2.6. Ректор Университеттің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның өкілі болу құқына сенімхат береді.
5.2.7.Ректор басшылықты алқалық қағидаларымен жүзеге асырады, білім алушыларды дайындаудың сапасын, ҚР «Білім туралы» Заңының 5-1) тармағы 5-бабына сәйкес бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары талаптарының, қаржылық тәртіптің, қызметкерлер мен білім алушылардың келісім-шартта қарастырылған еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді. Ректордың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктері бар.
5.2.8.Ректор Университеттің басқару органдарына жыл сайын стратегиялық жоспардың және (немесе) даму жоспарының орындалуы бойынша есеп береді.
5.2.9.Ректор қызметкерлерді іріктейді, құрамына Университеттің басшы кадрларды, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерді дайындау және олардың біліктіліктерін арттыру кіретін, адами ресурстарды дамыту қағидаларына негізделген кадрлық саясатқа сәйкес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте басқарады.
5.2.10.Ректор Университеттің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, жұмыстан шығарады, олардың қызметтерін ауыстырады, оларды көтермелейді және тәртіптік жазаға тартады, Университеттің штаттық кестесіне сәйкес оларға қызметақы, жеке үстемеақы, сыйлықақы мөлшерлерін белгілейді, келісім-шарттар, Құрылтайшының құзырындағы емес өзге де мәмілелер жасасады.
5.2.11. Ректор жұмыста болмаған кезінде өзінің міндеттерін орындауды Университеттің әкімшілік мүшелерінің біріне жүктейді.
5.2.12.Ректор Университеттің әкімшілік құрамының, профессорлары мен

- принятие решений по производственным вопросам внутренней деятельности Университета;
- обеспечение реализации Академической и кадровой политики Университета;
- вести банковские и иный финансовые операции от имени Университета;
- принятие решений по иным вопросам деятельности Университета, не относящимся к исключительной компетенции Учредителей.

5.2.3. Ректор не вправе принимать решения по вопросам не противоречащим действующему законодательству РК и Уставом к компетенции других органов управления Университета.
5.2.4.Ректор несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность, сохранность имущества и организацию противодействия коррупции в Университета.
5.2.5. Ректор без доверенности действует от имени Университета в ее отношениях с третьими лицами;
5.2.6. Ректор выдает доверенности на право представления Университета в ее отношениях с третьими лицами;
5.2.7. Ректор осуществляет руководство на принципах коллегиальности, обеспечивает качество подготовки обучающихся, соблюдение требований государственных общеобязательных стандартов высшего и (или) послевузовского образования, утвержденных в соответствии с подпунктом 5-1) статьи 5 Закона «Об образовании», финансовой дисциплины, трудовых прав работников и обучающихся, предусмотренных условиями договора, и иные полномочия, не противоречащие действующему законодательству.
5.2.8. Ректор ежегодно отчитывается по стратегическому плану и (или) плану развития перед органами управления Университета.
5.2.9. Ректор осуществляет управление персоналом (сотрудниками) в соответствии с кадровой политикой основанной на принципах развития человеческих ресурсов, меритократии, включающих рекрутинг, подготовку и повышение квалификации руководящих кадров, педагогических и научных работников Университета в порядке, установленном действующим законодательством РК.
5.2.10. Ректор осуществляет прием, перемещение и увольнение персонала (сотрудников) Университета, применяет к ним меры поощрения

оқытушыларының және басқа да қызметкерлерінің арасында міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөледі.

## 5.3. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

5.3.1. Ғылыми кеңес Университеттің алқалық басқару органы.
5.3.2. Ғылыми кеңес Университеттің Ректорының бұйрығымен құрылады.
5.3.3. Ғылыми кеңестің қызметі оның құзырындағы мәселелерді ашық талқылауға негізделген.
5.3.4. Ғылыми кеңестің құрамына Ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлар мен оқытушылардың, Университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер кіреді.
5.3.5. Ғылыми кеңес 3 (үш) жыл мерзімге сайланады және ондағы мүшелер саны тақ болады. Қажеттілікке қарай жалпы жиналыстың шешімімен Ғылыми кеңестің құрамы өзгертілуі мүмкін.
5.3.6. Университет ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы (бұдан әрі - төраға) болып табылады. Төраға төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.
5.3.7. Ғылыми кеңестің жұмысын жүргізу және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Ғылыми кеңеспен тағайындалатын ғалым хатшыға жүктеледі.
5.3.8.Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары:
1) білім бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатымен Университеттің білім алушылары мен оқытушылары үшін қажетті жағдайлар жасау;
2) Университетке қаржылық қолдау, оның материалдық-техникалық базасын нығайту;
3) Университеттің одан әрі дамуына жағдай жасау.
5.3.9. Келесі мәселелер Ғылыми кеңестің құзырында:
1) Университеттің құрылымын бекіту;
2) Университеттің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Университета, определяет размеры их премий, заключает договоры и совершает иные сделки, не отнесенные к компетенции Учредителей.
5.2.11. Ректор на время своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из членов административного состава Университета.
5.2.12. Ректор распределяет обязанности, сферы полномочий и ответственности между административным составом, профессорско-преподавательским составом и другими сотрудниками Университета.

## 5.3. УЧЕНЫЙ СОВЕТ

5.3.1. Ученый совет является формой коллегиального управления Университетом.
5.3.2. Ученый совет создается приказом ректора Университета.
5.3.3. Деятельность Ученого совета основывается на гласности и прозрачности обсуждения вопросов, входящих в его компетенцию.
5.3.4. В состав Ученого совета могут входить ректор, проректоры, руководители структурных подразделений, представители профессорско-преподавательского состава, студенческих и общественных организации Университета, работодатели.
5.3.5. Состав Ученого совета избирается сроком на 3 года и состоит из нечетного числа членов. По мере необходимости решением общего собрания в его состав могут вноситься отдельные изменения.
5.3.6. Председателем Ученого Совета (далее - председатель) является ректор Университета.
Председатель назначает заместителя председателя. В случае отсутствия председателя его обязанности исполняет заместитель. Председатель организует работу Ученого совета и обеспечивает его деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстана;
5.3.7. Ведение и организационное обеспечение работы ученого совета возлагается на ученого секретаря, назначаемого Ученым советом.
5.3.8. Цель деятельности Ученого совета:
1) принятие решений по созданию необходимых условий для обучающихся и профессорско-преподавательского состава Университета с

3) Университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерін (зертханалар, кафедр, факультеттер (институттар) және т.б.) құру, қайта ұйымдастыру және тарату;
4) Университеттің даму тұжырымдамасын белгілеу;
5) Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметінің барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
6) Ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының оқу, тәрбие, ғылыми-зерттеу, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық, халықаралық қызметтері бойынша жыл сайынғы есептерін тыңдау;
7)оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік материалдарды қарау және басып шығаруға ұсыну;
8) білім алушыларды ақылы бөлімнен грант бойынша және экстернат формасында оқуға ауыстыру туралы шешімдер қабылдау;
9) магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеу тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту;
10)Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру;
11) ғылыми және құрметті атақтарды, атаулы стипендиялар мен сыйлықақыларды бекіту және беру;
12)Университеттің қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарын үкімет наградалары мен құрметті атақтарға ұсыну;
13)Университеттің ағымдағы қызметінің алқалық шешім қабылдауды қажет ететін басқа да мәселелерін қарау;
14) Ғылыми кеңестің шешімдері Академияның барлық ұжымы үшін міндетті болып табылады.

## 6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

6.1. Қамқоршылық кеңес (бұдан әрі- ҚК) Университет басқаруының алқалы органы болып табылады.
6.2. Қамқоршылық кеңес Университет әкімшілігімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік

целью успешной реализации образовательных программ;
2) обеспечение финансовой поддержки, укрепление материально-технической базы Университета;
3) содействие дальнейшему развитию Университета.
5.3.9. К компетенции Ученого совета относятся:
1) утверждение структуры Университета;
2) внесение изменений и дополнений в Устав Университета;
3) создание, реорганизация и ликвидация учебных и научных подразделений Университет (лабораторий, кафедр, факультетов (институтов) и другие);
4) определение концепции развития Университета;
5) принятие решений по всем основополагающим вопросам организации учебно-воспитательной, научно-исследовательской и хозяйственной деятельности Университета;
6) заслушивание ежегодных отчетов ректора, проректоров, руководителей структурных подразделений и о формах и методах ведения учебной, научно-исследовательской, воспитательной, финансовой, хозяйственной, информационной и международной деятельности;
7) рассмотрение и рекомендация к изданию учебников и учебных пособий, и учебно-методических разработок;
8) принятие решения о переводе обучающихся с платного отделения на образовательный грант и на обучение в форме экстерната;
9) утверждение тем и научных руководителей-консультантов магистрантов и докторантов по диссертационным исследованиям;
10) организация контроля финансово-хозяйственной деятельности Университета;
11) утверждение и присуждение ученых и почетных званий, именных стипендий и премий;
12) рассмотрение вопросов о представлении сотрудников Университета, творческих коллективов к правительственным наградам и почетным званиям;
13) рассмотрение иных вопросов текущей деятельности Университета, требующих коллегиального решения;
14) Решения Ученого совета являются обязательными для всего коллектива Академии.

органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

6.3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

6.4. Қамқоршылық кеңес университет құрылтайшыларының шешімі бойынша құрылады;

6.5. ҚК мүшелерінің саны тақ болып табылады және осы университеттің басшысымен және бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста емес, кемінде тоғыз адамды құрайды. ҚК мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. ҚК мүшелері Университет қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

6.6. ҚК құрамы жеке тұлғалар қатарынан құрылады:

1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;

3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

4) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

6.7. Университет Ректоры немесе проректор Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысады.

6.8. Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

6.9. Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін орындамайды.

6.10. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6.11. Төраға Қамқоршылық кеңес атынан әрекет етеді және оның қызметін Қамқоршылық Кеңес туралы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

6.12. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Университет қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды,

## 6. ПОПЕЧИТЕЛЬСКИЙ СОВЕТ

6.1. Попечительский совет (далее ПС) является коллегиальным органом управления Университетом.

6.2. Попечительский совет взаимодействует с администрацией Университета, местными исполнительными органами, заинтересованными государственными органами и иными физическими и/или юридическими лицами.

6.3. Выполнение членами Попечительского совета своих полномочий осуществляется на безвозмездной основе.

6.4. Попечительский совет создается по решению учредителей Университета;

6.5. Число членов ПС является нечетным и составляет не менее девяти человек, не находящихся в отношениях близкого родства и свойства друг с другом и руководителем данного Университета. Срок полномочий членов ПС составляет три года. Члены ПС не входят в штат работников Университета.

6.6 Состав ПС формируется из числа физических лиц:

1) представители местных представительных, исполнительных и правоохранительных органов;
2) представители работодателей и социальных партнеров;
3) представители некоммерческих организаций (при напичии);
4) благотворители (при наличии).

6.7. Ректор Университета или проректор принимает участие в заседаниях Попечительский совета.

6.8. Руководителем Попечительского совета является его председатель, избираемый (переизбираемый) на заседании Попечительского совета путем открытого голосования большинством голосов.

6.9. Представители государственных органов не избираются председателем Попечительского совета и не исполняют его обязанности,

6.10. В случае отсутствия председателя Попечительского совета его функции осуществляет один из членов Попечительского совета по решению Попечительского совета, за исключением представителей государственных органов, входящих в состав Попечительского состава.

6.13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

6.14. Университеттің Қамқоршылық кеңесінің өкілеттіктері:

1) білім алушылардың құқықтарының сақталуына, сондай-ақ университет шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) Университет Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) университетті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

4) білім беру ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;

5) Университет бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

6) Университет ректорының мекеме қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну, қайырымдылық көмекті пайдалану туралы есептерін тыңдайды;

7) білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

8) Университет қызметімен, Университеттің білім алушыларға ұсынған шарттарымен танысады;

9) Университеттің қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелері) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

## 7. УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

7.1. Университет мамандарды Бас лицензияға қосымшадағы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының жіктегішіне (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 2019 ж. 25.01-дағы

6.11. Председатель действует от имени Попечительского совета и обеспечивает его деятельность в соответствии с Положением о Попечительском совете.

6.12. Секретарь Попечительского совета назначается из числа работников Университета и не является членом Попечительского совета,

6.14. Секретарь Попечительского совета обеспечивает подготовку, проведение, оформление материалов и протоколов заседаний Попечительского совета.

6.14. Полномочия Попечительского совета Университета:

1) осуществляет общественный контроль за соблюдением прав обучающихся, а также за расходованием благотворительной помощи, поступающих на счет Университета;

2) вырабатывает предложения о внесении изменений и/или дополнений в устав Университета;

3) вырабатывает рекомендации по приоритетным направлениям развития Университета;

4) участвует в распределении финансовых средств, поступивших в организацию образования в виде благотворительной помощи и принимает решение о его целевом расходовании;

5) вырабатывает предложения при формировании бюджета Университета;

6) заслушивает отчеты ректора Университета о деятельности учреждения, в том числе о качественном предоставлении образовательных услуг, об использовании благотворительной помощи;

7) участвует в конференциях, совещаниях, семинарах по вопросам деятельности организаций образования;

8) знакомится с деятельностью Университета, условиями предоставленными обучающимся Университета;

9) работники (структурные подразделения) Университета оказывают содействие в предоставлении информации по вопросам, относящимся к компетенции Попечительского совета.

## 7. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ УНИВЕРСИТЕТА

7.1. Университет осуществляет подготовку кадров по перечню образовательных программ

№35, 2019 ж. 03.06-дағы №252 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) сәйкес дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша дайындайды.
7.2. Университетте мамандар тек Білім бағдарламаларының тіркелімінде тіркелген білім бағдарламалары бойынша дайындалады.
7.3. Университеттің білім бағдарламалары жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету бойынша Болонья үдерісінің талаптары ескеріле отырып және Дублин дескрипторларына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес дайындалған.

## 8. УНИВЕРСИТЕТҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

8.1. Университетке оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне», Университеттің Ректоры бекіткен «Q» Университетсына оқуға қабылдау ережелеріне» сәйкес жүргізіледі.
8.2. Университетке оқуға орта, техникалық және кәсіптік орта, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.
8.3. Университетте оқуға шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісім-шарттарда белгіленген тәртіпте қабылданады.
8.4. Білім алушыларды қабылдау кезінде Университет оған және (немесе) оның ата-анасына, өзге де заңды өкілдеріне Университеттің Жарғысымен, білім беру қызметімен айналысу құқын беретін лицензиясымен, оқуға қабылдау және білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарымен танысу мүмкіндігі беріледі.
8.5. Университетке оқуға қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті оқытудың

высшего и послевузовского образования, согласно имеющимся в наличии приложений к Генеральной лицензии и разработанных в соответствии с Классификатором направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием (с изменениями, внесенными приказом Министра образования и науки РК от 25.01.2019 № 35 и от 03.06.2019 № 252);
7.2 Подготовка кадров в Университете осуществляется исключительно по разработанным образовательным программ, которые проходят процедуру регистрации в Реестре образовательных программ в разрезе направлений подготовки.
7.3 Образовательные программы разработаны с учетом требований Болонского процесса по обеспечению качества высшего образования в соответствии с Дублинскими дескрипторами, Государственными общеобязательными стандартами образования.

## 8. ПОРЯДОК ПРИЕМА В УНИВЕРСИТЕТ

8.1 Порядок и прием в высшее учебное заведение устанавливается Университетом в соответствии с Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования, утвержденные Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан, Правилами приема на обучение в Университет «Q», утвержденными ректором Университета.
8.2. В Университет принимаются граждане Республики Казахстан, иностранные граждане и лица без гражданства, имеющие общее среднее, техническое и профессиональное, послесредное и высшее образование.
8.3. Прием иностранных граждан и лиц без гражданства на обучение в Университет осуществляется в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан, а также международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.
8.4. При приеме обучающихся Университет предоставляет возможность ознакомления его и (или) его родителей или иных законных представителей с Уставом Университета, лицензией на право ведения образовательной деятельности и другими локальными документами, регламентирующими порядок

барлық формалары бойынша білім алушылар құрамын жоғары оқу орындарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қалыптастыру.

8.6. Университет білім алушыларды қабылдау барысы туралы ақпаратты және қорытынды есепті білім беру саласындағы уәкілетті орган белгіленген формалар бойынша және мерзімдерде ұсынады.

8.7. Университет оқуға қабылданған тұлғалармен жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар маман дайындауға келісім-шарт жасасады. Келісім-шарттың формасын Университет бекітеді.

## 9. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗІЛІМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

9.1. Университет білім беру қызметтерін мемлекеттік тапсырыс (грант) бойынша көрсетумен бірге Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

9.2. Университет мен білім алушылардың, оның ата-анасының, өзге де заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызметтерін көрсету бойынша өзара қарым-қатынастарын жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар маманды дайындауға келісім-шарт реттейді. Келісім-шартта берілетін білімнің деңгейі, оқу мерзімдері, төлемақы мөлшері және өзге шарттар көрсетіледі.

9.3. Университет оқу үшін төлемақы мөлшерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білім беру үдерісін ұйымдастыру, оның ішінде оқытушыларды оқыту, қайта дайындау және біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеу, кеңес беру, әдістемелік, спорттық-сауықтыру шараларын жүргізу үшін қажетті барлық шығындарды есепке ала отырып белгілейді.

9.4. Университет білім беру қызметтерінің көлемінен тыс келесі ақылы білім беру қызметтерін көрсете алады:

- кейбір білім алушылармен пәндер және пәндер циклдері бойынша оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес бөлінген оқу уақытынан тыс қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушылармен пәндер және пәндер циклдері бойынша ғылым негіздерін тереңдетіп оқыту;

приема и организацию образовательного процесса.

8.5. Для организации приема документов, лиц поступающих в Университет, и приема граждан на обучение организуется приемная комиссия. Основной задачей приемной комиссии является формирование контингента обучающихся всех форм обучения в соответствии с действующими нормативно-правовыми актами, регулирующими деятельность высших учебных заведений.

8.6. Университет предоставляет информацию о ходе приема обучающихся и итоговую отчетность о приеме по формам и в сроки, установленные уполномоченным органом в области образования.

8.7. С лицами, поступившими на обучение, Университет заключает договор на подготовку кадров с высшим или послевузовским образованием, форма которого утверждается Университетом.

## 9. ПЕРЕЧЕНЬ И ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ПЛАТНЫХ УСЛУГ

9.1. Наряду с предоставлением бесплатных образовательных услуг (по государственному заказу) Университет оказывает платные услуги в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об образовании» от 27.07.2007 г.

9.2.Взаимоотношения Университета и обучающегося, его родителей и иных законных представителей, по оказанию платных образовательных услуг, регулируются договором на подготовку кадров, определяющим уровень образования, сроки обучения, размер оплаты и иные условия.

9.3. Размер оплаты определяется Университетом с учетом всех расходов, необходимых для организации образовательного процесса в том числе обучение, переподготовку и повышение квалификации, ведение научно-исследовательской, консультативно-методической, спортивно-оздоровительной работы в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

9.4. Университет вправе предоставлять образовательные услуги на платной основе сверх объемов образовательных услуг согласно перечню:

- организация дополнительных занятий с отдельными обучающимися по предметам (дисциплинам и циклам дисциплин) сверх учебного времени, выделенного по учебному плану и программам;

- білім алушылардың, педагогтардың арасында спорттық жарыстар, семинарлар, мәжілістер, конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
- оқу-әдістемелік әдебиеттерді дайындауды ұйымдастыру және іске асыру;
- кәсіптік білім беруді (мамандарды қайта дайындау және олардың біліктілігін арттыру) ұйымдастыру;
- оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіруді және сатуды ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулер жүргізу;
- музыкалық аспаптарды және Интернет байланыстың қосымша қызметтерін пайдалануды ұсыну;
- білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, Университетда өткізілетін түрлі шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету.

## 10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

